

Г.С. Мусинова*

«Alikhan Bokeikhan University», Семей, Қазақстан

*Байланыс үшін автор: g.musinova@mail.ru

Семей қасіретінің қазақ поэзиясындағы көрінісі (Ұ.Есдәулет, Т.Әбдікәкімов, Б.Жақып шығармалары негізінде)

Аңдатпа. Дүниежүзінде ашық түрде жарияланбай, құпия жүргізілген, тірі адамның жаны түршігерлік алапат соғыс қазақ жерінде ғана өтті. Ол – Семей ядролық сынақ майданы. Бұл туралы кеңестік дәуірде ашып айтуға болмайтын құпия еді. Егемендігімізді алғаннан кейін ақын-жазышылармыз, журналист қаламгерлеріміз көркем әдебиетте осы тақырыпты қаузап, жаңа леппен шығармалар түдідірді.

Ұлықбек Есдәулет, Тыныштық Әбдікәкімов, Бауыржан Жақыптың Семей қасіреті туралы жазған поэзиялық туындылары қазіргі қазақ әдебиетінде құнды рухани қазына деуге болады. Семей атом полигонының табиғат пен адам баласына әкелген қасіреті көркем тілмен шынайы суреттелген. Ақын Ұ.Есдәулеттің «Заман-ай», Т.Әбдікәкімовтің «Қара дала» өлеңдері және Б.Жақыптың «Жан дауысы» поэмасындағы Семей полигоны қайғысы мен қасіреті жан-жақты баяндалады. Мақалада ақындардың Семей қасіретіне арналған поэзиялық шығармалары арнайы қарастырылып, әдеби талдау жасалады. Сондай-ақ Семей қасіретінің қазақ поэзиясында бейнелену, суреттелу, байыпталу үдерісі зерделенеді.

Түйін сөздер: Семей қасіреті, поэзия, поэма, тақырып, идея, кейіпкер, атом полигоны, оқырман.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-97-102>

Кіріспе

Қазақстанның Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев 1991 жылдың 28 тамызында арнайы жарлықпен Семей ядролық сынақ полигонын біржола жапқаны жұртшылыққа мәлім [1,14]. Еліміз көреген саяси ұстаныммен жаппай қырып жоятын қару жарақтан бас тартты. Мұны әлем халқы жоғары бағалады. Ядролық қарусыз өмір үшін күрескен қазақ елінің басты мақсаты - Семей атом полигонын ғана емес, жер бетіндегі басқа да полигондарды жабуға мұрындық болу еді. Қазақ ақындары мен жазушылары осы аталған қасіретке толы өл-

кенің трагедиялы күйінен хабар беретін әдеби туындылар туғызды.

Семей полигоны қазақ халқына қасірет пен қайғыдан қан жұттырды, жүреке жазылмас жара салды, тұтас халықтың санасын сілкітті. Көрген азапты ақын-жазушыларымыз көркем шығармаға, композиторларымыз әнге арқау етті.

Зерттеу әдістері

Сипаттама, салыстырмалы талдау, жинақтау, жүйелеу, компоративистикалық шолу, сипаттау әдістері пайдаланылады.

Талқылау мен нәтижелер

Әдебиет - өмір шындығының айнасы. Өмір шындығы дегеніміз - бірімен-бірі тұтасып жатқан ұшы-қиыры жоқ мол дүние. «Поэзия – көркем әдебиеттің ертеден қалыптасқан үлкен бір саласы, өлең, жыр түрінде шығарылған әдеби шығармалар» [2,283]. Қашанда халықтық деп аталатын поэзияның ең басты белгісі – халықтың бастан кешіп отырған хал-ахуалы, арман-мақсатын, іс-әрекетін, өмір шындығын бейнелеп береді.

Уақыт - бәріне де төреші, ал адам баласының кешегі қуанышын немесе тартқан қасіретін тұтқиылдан келген жаңа оқиғалар ұмытырып жібереді. Оған бүгінгі күн биігінен өткен дүние соншама мәнді, мардымды болып көрінеді. Семей ядролық полигон жайы да нақ осындай кейіпте. XX ғасырдың құбыжығы атанған Семей полигонының зардабы әліде көрінісін тауып келеді. Атомдық жарылыстардың әсерінен ауа қабаттары бүлініп, шекарамыз қызыл сызықпен қоршалған экологиялық аймаққа айналды, ұрпағымыз қанында жоқ, бұрын-соңды естімеген дертке ұшырады. Қырық екі жылға созылған ядролық сынақ 1991 жылы ғана тоқтатылды. Бүкіл әлем «Семей-Невада» шеруіне шығып, ядролық апатты жою мәселесін қатқыл көтеріп жатқанда қазақ ақындары да осы тақырыпта қалам тербеп, өз үлестерін қосты.

Кешірім Бозтаевтың бастамасымен, Олжас Сүлейменовтің «Невада-Семей» қозғалысының ақыл-жігерімен Қазақстан ядролық жарылыстан құтылды. Дегенмен де, уланған жер қойнауы мен айықпас дертке шалдыққан адамдарды көріп көңілі босады, халық алаңдады. Әр дәуірдің өз «заман-айы» болатын сияқты, ақын Ұлықбек Есдәулет пен композитор Төлеген Мұхамеджановтың «Заман-ай» өлеңі зарлы күндердің куәсіндей «Невада-Семей» қозғалысының ұранына айналды.

Ұлдарымның қайда кеткен құрығы,
Қыздарымның қайда кеткен бұрымы,
Мейірімге зарықтырған заман-ай,
Туған жердің лайланды-ау тұнығы.
Қайран елім, қайран жерім қор болған,
Жомарттығы өз басына сор болған,

Жарылыстан көз ашпаған далам-ай,
Заман-ай, заман-ай [3,4],- деп ақын бүкіл бір заманың, бір дәуірдің зары мен мұңын асқан шеберлікпен жырлады.

Неге біздер у ішеміз суаттан,
Неге біздер ажыраймыз тұяқтан?

Туған жерді тоздырғанша, заман-ай

Неге жерге кірмейміз біз ұяттан? [3,4] -деп ақын халыққа, ұрпаққа ой салып, көзіне жас үйіртіп, ащы шындықты өлеңмен жеткізді.

«Абыралы, Жалаулы, Сары қиың қалаулы. Бір түп көде-жусаның, Бір тоқтыға балаулы» деген сөзді желмаясына мініп, жерұйықты іздеген Асан қайғы жыраудың айтып кеткені бұрынғы мәнінен айырылды. Бұл туралы ақын Тыныштықбек Әбдікәкімовтің «Қара дала» өлеңіндегі:

Күн кіршігін ашқанда, тақыр Дала көрінген.

Қалаға да сол тақыр қорқынышты өлімнен.

Қасқыр да жоқ ол жақта.

Арқар да жоқ.

Құрыған.

Тек, иттер мяулап,

Мысықтары ұлыған.

Жер төсіне сол жақта Атом сынға қаққанды.

Мекендейтін халқы да – қара халық, ақ қанды.

Жаратқанға сенгендей, өздері тым аңғалақ:

Мал баққан боп жүр әлі, маңдай тері сорғалап [4,107],-деген жолдар ауылдағы қазақтың басынан өткерген ащы шындықты бейнелейді. Семей халқының, тұтас Қазақстанның өзегін өртеген нала, әміршіл жүйенің жөнсіздігі мен зұлымдығы, адамзат қауымына жасаған қастандығы баяндалады.

Ақын Бауыржан Жақыптың шығармашылығына ерекше орын алатын терең идеялы, салмақты, шоқтығы биік туындының бірі - «Жан дауысы» поэмасы. Бұл поэмада автор ядролық жарылыстан зардап шеккен адам мен табиғат мұңын суреттейді.

Еліміздің табиғатына, сұлулыққа қатер төнгенде ақын оны қызғыштай қорып, даланың беймаза бозторғайындай шарқ ұра шырылдайды, әлемге жар сала жан даусымен тебірене жырлайды. Ақынның «Жан даусы»

осындай сәтте туған поэма. Поэма «Дегелең тауының зары», «1949. Тамыздың жиырма тоғызы», «Қураған тоғайдың соңғы сөзі», «Боз баланың қасіреті», «Тартылған өзеннің мұңы», «Желдің жоқтауы», «Жидебайдағы зират. Абай жыры», «Мыржық тауының бөктері», Тәттімбет күйінің күмбірі», «Шыңғыстау. Шәкәрім қажының шындығы», «Таңат жайлауы. Әмере әнінің әуені», «Бөрілі. Әуезов Мұхтардың мұңды үні», «Қарауыл төбе. Олжас Сүлейменов оқыған өлең», «Семей полигонында өскен баланың жыры», «Семей полигонында өлген баланың зары», «Жапырақтар жыры» деп аталатын бірнеше бөлімдерден тұрады. Шығармадағы оқиға дала суретінен басталады:

Құлпырған құлан жазық, құмай белің,
Шыңғыстау, Абыралы шұрайлы едің,
«Сол бағың қайда кеткен бастан ұшып,
Сол шағың қайда кеткен?» - сұрайды елің
[5,160].

Ақын киелі туған жердің құл болып кеткен сұлу табиғатын іздеп:

...Туған жер тек өзіңсің – шын ұлылық,
Сен тұрсың бәрінін де мұңын ұғып.
Қараймын келер күндер тізбегіне
Шұрқырап көкірегімде құлын-үміт...-, дейді
[5,161].

Ендігі жерде ақын «бұрын гүл таққан төсін» бүгінгі күні «қайғы басып, мұң таптаған», «тозған жер, тозған өлке, сырқат дала» болып толғанады:

Жазығың бұрынғыдай гүл тақпаған,
Төсіңді қайғы басып, мұң таптаған.
Мен де енді өзің болып толғанайын,
Тозған жер, жүдеу өлкем, сырқат далам
[3,162].

Тіршілікті мәңгі әдилеп, тербетіп тұрған Жер-ана бүгін неге шашын жайып жоқтау айтады? Ол жоқтауды таскереп қатыгездер неге естімейді? Жер-ананың асыл перзенті-адамдар өміріне неге қатер төнеді? Ақын жүрегі осыған ашынады, осыған күйінеді. Оның арманы табиғат пен адам арасындағы келістілік, үйлесімділік, сұлулық, мөлдіреген тазалық. Осы әсемдікті қырағы ақын көзі, сезімтал ақын жүрегі жарқын бояулармен жыр жолдарында өрнектейді.

Ақын «Дегелең тауының зары» бөлімінде:
... Ей, адам, сен сенбесең, жел сенеді,
Тым құрыса, жел сенгенін көресең еді.
Қыздарым – қарағайлар түссе есіме,
Қарт денем қайғы жұтып теңселеді.
Сайларым тобылғылы, аршалы еді,
Сүйетін бұлақтарым сонша мені.
Шіркін-ай, құшағымда еркін жатқан
Немере – жақпартасым қаншама еді!
... Жаныма батқаннан соң жыр қып тұрмын,

Келеді айықпайтын мұңды ұқтырғым.
Айтайын қайсыбірін азабымның,
Есімде алғаш қысы сұмдық күннің [5,162],
- деп жан дауысымен шырқырап жырлайды. Шығарманың идеясы – табиғаттың тірі екенін, оның да жаны барын, осы құндылықты аялап, қорғағанда ғана әлемде үйлесім болатынын жария ету. Поэманың шебер құрылған композициясында бұл идея мұң-шерге толы табиғат сезімінен ашылады.

«Жан дауысы» поэмасында ақынның жан дауысы шырқырап, туған жер төсінен айнадай жарқыраған көлін іздеп, көкорайлы шалғынын таба алмай, ән шырқалып жататын ақ таңынан адасқан халық мұңын баяндайды. Құлындаған дауысы құраққа жететіндей. «Киік те жоқ, арқар да жоқ, қыран да жоқ. Жоқ! Бәрі жоқ. Тіпті дөңкиіп-дөңкиіп жатқан төбелердің де» әскердің тәртібімен шаштары алынып тасталғандай». Туған жерді адам айтқысыз зұлмат басқан. Сол зұлмат сұмдығынан тау да шыдай алмай зар қағады. Дегелең зарлап тұр:

Басталды сол бір сұмдық бастан кешкен
Секілді әлдеқайда аспан көшкен.
Жазығым көрінбейді жадыраған
Барлығы төңіректің астаң-кестең.
Жалмады айдаһар-өрт жаппай маңды,
Барлығы төңіректің отқа айналды.
Қаптаған қарағайым шоққа айналды,
Жүрегім шошынғаннан соқпай қалды
[5,163].

Таудың алып жүрегі тоқтады. Тау өлді. Енді ол күлге, үйіндіге айналды. «Жүрегім соқпайды енді, демім бітті, ей, таулар, жиналыңдар жаназама» дейді Дегелең. Жер үстіндегі бүкіл, тауларды жаназасына шақырып тұр. Ақырғы

сөз, ақырғы тілек. Таудың өзін өлтірген ол сұрапыл сұмдық күшке ештеңе де төтеп бере алмақ емес. Сенбесең, қураған тоғайдың: «Улы ортаға қамалдым да, улы сәуле уыстадым, улы, судан нәр алдым да, улы ауамен тыныстадым. Бұтақтары қудай болып, құшағымда тұнған ағаш, абыройдан жұрдай болып, қалдым бір күн тыр жалаңаш» деген төбе құйқанды шымырлатар соңғы сөзіне құлақ түр. Немесе: «Жылайын десем жасым жоқ, тарайын десем, шашым жоқ. Әлдекімдердің қолымен көкірегіме басылды от. Қырлардың көші қаралы, қош айтып маған барады. Әнімнің бәрі мұңды да, тәнімнің бәрі жаралы» деп еңіреген алып Даланы тыңда. Әйтпесе, «Өткеннің бәрі ойымда, ұмытпағанмын, сүйретілемін еңтігіп тұрып қаламын. Шалдықтым мен де ауруға, шамам жоқ енді, құрдымға суым кеткендей құрып барамын» деп тұншығып, демі бітіп бара жатқан тартылған өзеннің мұңын естіп көр. Болмаса, «Жерімдегі жарылыс, жетті маған дүмпуі. Ойламаппын болар деп мұндай сұмдық бір күні. Кидім ажал көйлекті, жоғалып ем тапқызбай. Рухымды сөйлетті көрде тыныш жатқызбай. Адам азды, жер тозды, су тартылды, ну жанды. Қайда апарып сақтармыз қу сүйекті, қу жанды» деп жырлайды.

Бұл поэмадағы қай тарауды оқысаңыз да адам мен табиғаттың тоқырауын, құлазуын көресіз, сезінесіз. Сөз жоқ, Семей, Дегелең мен Абыралы қасіреті-бүкіл жердің, бүкіл қазақтың қасіреті. Ол қасіретті бүкіл болмыс-бітіміңізбен, бүкіл тамыр-талшығыңызбен ұғынасыз. Бірақ ол қасіретті дәл ақындай сезіне қою қиын. Өйткені ол сол жердің ауасын жұтып, сол жердің суын ішіп, көлінен қоңыр үйрегін көріп, қорасынан қоңыр қозысын өргізіп өскен ақын. Алматыдан ауылына барса да, ауылынан астанаға қайта оралса да алапат сұмдық зұлматтың аждаһа демінен әлі күнге азап шегетін жандармен күнде кездесіп, оларды күнде көріп, олармен күнде сөйлесіп еді. Ауыр сұхбат, ащы шындық.

Айрықша формадағы «Жан дауысы» поэмасын оқығанда, оқырманын бейжай қалмай, ақынмен бірге болғандай әсер алады. Поэманың негізі өте зор пікірге құрылған. Оны

іс қылып, ұқсатып шығару күші толып, кекселенген емес, жас таланттың да қолынан келетінін дәлелдегендей. Онда қырық жыл бойы қасірет төккен, енді ол қасіретті екі-үш жүз жыл көретін ұрпақты еске алғандай боласың. Өлім туралы адамның қорқыныш, аяу, қайғылану сезімі әр көңілді босатып, еңсені езеді.

Бірақ ақынның өлім түнегін құшқан кейіпкерлері – пессимизмге бой ұрғаннан аулақ тұлғалар. Олардың өмірге деген махаббаты мәңгілік. Өмірге мәңгі сөнбес жарық күн тілеген оптимистік тұлғасымен оқшауланады. Өмір шырынын қимай мәңгі түнекке аттанған аяулы жандарды бүкіл халық еске алып, әрқайсының есімін құрмет тұтады. Адамның өзі қолдан жасаған қасіретпен бетпе-бет келіп, өлгенімен, артында тындырған ісі, адамға лайық аты мәңгі жасайды. Өз халқының жүрегінде өмір сүреді. Нағыз адам ол өлмейді, өлімнің өзі – мәңгі өлмес сапарға аттану.

«Поэма – оқиғаны өлеңмен баяндап айтатын, кейде жыр-толғау түрінде келетін көлемді шығарма. .. Поэмада лирикалық сарын басым болады, көлемі жағынан шағындау келеді» [2,286]. Бұл нақты шындық, әрине. Бауыржан Жақыптың сөз өнеріндегі болмыс-бітімін аңғару үшін, ақындық, азаматтық, адамдық қуатын тану үшін «Жан дауысы» поэмасын оқысаңыз да жетіп жатыр.

Бауыржан Жақып поэмасының концепциялық ұстанымы бар. Ол – ғаламат трагедияға тап болған семейліктердің рухы туралы ой. Ақынның идеялық мақсаты – ұлт табандылығын, қара түнектің арғы жағынан жарық көрген сенімін көрсету. Бұл поэманы оқығанда оқырман өзін ойланып, шешімін іздегендей болады. Өмір мен өлім, күн мен түн, табиғат пен адам арасындағы және қолдан жасалған трагедиямен арпалысты аңғарту сияқты ойлар жатыр. Бәрі де адам тіршілігі, рухы үшін қажет деген идея бар. Бұл бір жағынан дәстүр сабақтастығын байқатса керек. Көркемдік шешімі нанымды, тағылымды.

Шығармадағы оқиғалар шешімін «Желдің жоқтауынан» табады. Ақын туған жердің сұлу табиғатын жел болып жоқтайды:

Бар маңың – дақпырт,
Арманың – ақ бұлт,
Қайдасың тауым, тарланмы.

Сендей тау қайдан табамын?
 Көз қырын бізге салар кім?!-деп тауын
 жоқтаса,
 Өзенім, сені іздедім,
 Сеннен де күдер үзбедім.
 Құлпыртушы едің бар маңды,
 Жағасында нуы жоқ,
 Сағасында суы жоқ,
 Сипап қалдым арнаңды.
 Қайдасың, қайран, өзенім,
 Сені іздеп жерді кеземін [5,174],-деп өзенін
 іздейді.

Поэма табиғат сөзімен - «Жапырақтар
 жырымен» аяқталады:

Жапырақпыз – біз, тамырмыз тереңде,
 Біздің дауыс естіледі керенге.

Дүниенің, бар жапырағы қосылдық,

Жарылыстар болмау үшін әлемде...

Бір дауыспен бір мезгілде үн қатып,

Бар әлемнің жапырағы шулады:

Жойылсын зұлмат! Жойылсын зауал!

Жойылсын апат! Жойылсын ажал! [5,190].

Ақын жапырақ болып жан дауысымен енді
 бұндай қасірет, зұлмат болмасын деп тілейді.

Кең байтақ мекеніміздің, туған топырағы-
 мыздың тәнінде айықпас жара бар, адамдар
 көңілінде дертке бергісіз нала бар екендігі
 өзекті өртейді. Қазақстанның өзінде ғана күл-
 лі планетадағы тіршілік иесін түп-тамырымен
 құртып жіберетіндей қауқары бар әлденеше
 сынақ аймақтары орналасқаны дүние жүзі-
 не аян. Семейден бастап, Байқоңыр, Ақтөбе,
 Орал, Атырау, Ақтау облыстарының ең шүй-
 гін, құйқалы жерлерін алып жатқан жасырын
 полигондар - Қазақстан халқына үлкен нәу-
 бет, қатаң сын.

Семей атом полигонының зардаптары
 жөнінде сөз қозғағанда да жоғарыдағыдай
 күй кешеміз. Атом салған ойранның зардабы
 ондаған, тіпті жүздеген жылдарға созылмақ.
 «Семей-полигон» туралы да қаншама әлемге
 аты әйгілі ядрошы-физиктерден бастап, бе-
 делді сөзін күллі дүние тыңдайтын қоғам қай-
 раткерлерінің пікірлері қалды.

Аталған проблемаға қалам тербеген қай-
 раткерлер пікірінен бірде-бір кем түспейтін
 ойды поэзия тілімен айтқанына көзіміз жетті.
 Ұлықбек Есдәулет, Тыныштықбек Әбдікәкі-
 мов, Бауыржан Жақып хабар беретін бірнеше
 шығармаларды талдау арқылы әдебиет та-
 рихындағы осы тақырыптық көкейкестілігіне
 назар аударуды жөн санадық.

Қорытынды

Байқап отырғанымыздай, кеңес дәуірінде
 ұзақ жылдар бойы қазақ даласында үздіксіз
 жер асты, жер үсті ядролық сынақтары өт-
 кізілгені, оның жасырын түрде, бүркемеленіп
 жүзеге асқаны, сол жарылыстардың зардап-
 тарынан табиғат пен адамдардың тартқан
 азабы туралы ащы шындықты ақындарымыз,
 жазушыларымыз көркем әдебиетте шынайы
 суреттеді. Семей қасіретін өз поэзияларына
 арқау еткен қазақ ақындары аз емес. Оның
 барлығын топтап, жүйелеп зерттеу – ал-
 дағы күндердің еншісінде. Біз Ұ.Есдәулет,
 Т.Әбдікәкімов, Б.Жақып поэзиясындағы Се-
 мей қасіретінен хабар беретін бірнеше шығар-
 маларды талдау арқылы әдебиет тарихындағы
 осы тақырыптың көкейкестілігіне назар ауда-
 руды жөн санадық.

Пайдаланған әдебиеттер

- 1 Сәрсеке М. Семей қасіреті. Деректі тарихи хикаят. - Астана: Фолиант, 2016. – 856 б.
- 2 Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырған: З.Ахметов, Т.Шаңбай. – Семей-Новосибирск, Та-
 лер-Пресс, 2006. – 398 б.
- 3 Есдәулет Ұ. Заман-ай. Өлеңдер. - Астана, 1999. – 88 б.
- 4 Әбдікәкімов Т. Ырауан. Өлеңдер, балладалар, толғаулар. - Алматы: Атамұра, 2000. – 230 б.
- 5 Жақып Б. Қызыл қайың. Өлеңдер, балладалар, поэмалар. - Алматы: Жазушы, 2008. – 216 б.
- 6 Қабдолов З. Екі томдық таңдамалы шығармалары. Сөз өнері: Монография. – Алматы: Жазушы,
 1983. -2 т. – 456 б.
- 7 Алпысбаев Қ. Поэма және сюжет. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. –124 б.

Г.С. Мусинова

«Alikhan Bokeikhan University», Семей, Қазақстан

Отражение семипалатинской трагедии в казахской поэзии

(На основе поэзии У. Есдаулета, Т. Абдыкакімова, Б. Жакыпа)

Аннотация. Статья посвящена отражению трагедии Семипалатинска в казахской поэзии. Стихотворение «Заман-ай» поэта У. Есдаулета, стихотворение «Кара Дала» поэта Т. Абдыкакімова и поэма «Жан Дауысы» поэта, ученого Б. Жакыпа отражают трагедию Семипалатинского полигона. Трагическая судьба природы и человечества под воздействием Семипалатинского ядерного полигона очень ярко и правдиво описана художественным языком. Особое внимание в статье уделяется поэтическим произведениям, посвященным трагедии Семипалатинска. Поэтические произведения Улугбека Есдаулета, Тынштыка Абдыкакімова, Бауржана Жакыпа о трагедии Семипалатинска являются одними из самых ценных духовных сокровищ в истории казахской литературы.

Ключевые слова: Трагедия Семей, поэзия, поэма, тема, идея, поэт, родной край, персонаж, ядерный полигон, читатель.

G.S. Musinova

«Alikhan Bokeikhan University», Semey, Kazakhstan

Reflection of the Semipalatinsk tragedy in Kazakh poetry

(Based on the poetry of U. Esdaulet, T. Abdykakimov, B. Zhakyp)

Annotation. The article is devoted to the reflection of the tragedy of Semipalatinsk in Kazakh poetry. The poem «Zaman-ai» by the poet U. Esdaulet, the poem «Kara Dala» by the poet T. Abdykakimov and the poem «Zhan Dauysy» by the poet, scientist B. Zhakyp reflect the tragedy of the Semipalatinsk test site. The tragic fate of nature and humanity under the influence of the Semipalatinsk nuclear test site is very vividly and truthfully described in artistic language. Special attention is paid to the poetic works dedicated to the tragedy of Semipalatinsk. The poetic works of Ulugbek Esdaulet, Tynyshtyk Abdykakimov, Baurzhan Zhakyp about the tragedy of Semipalatinsk are one of the most valuable spiritual treasures in the history of Kazakh literature.

Key words: Tragedy Semey, poetry, poem, theme, idea, poet, native land, character, nuclear test site, reader.

References

- 1 Sarseke M. Semey kasireti. Derekti taryhi hikayat [The Tragedy of Semipalatinsk. Documentary historical story]. –Astana: Foliant, 2016.-856 b.
- 2 Adebiettanu. Terminder sozdigi [Dictionary of terms]. Kurastirgan: Z.Ahmetov, T.Zhanbay. – Semey-Novosibirsk, Taller-Press, 2006.-398 b.
- 3 Esdaulet U. Zaman-ay. Olender. - Astana, 1999.-88 b.
- 4 Abdykakimov T. Urauan. Olender, balladalar, tolgaular [Poems, ballads, reflections]. - Almati: Atamura, 2000.-230 b.
- 5 Zhakyp B. Kuzul kayun. Olender, balladalar, tolgaular [Red birch. Poems, ballads, poems].- Almati: Jazuzhi, 2008.-216 b.
- 6 Kabdolov Z. Soz oneri [The art of the word]: Monografua. - Almati: Jazuzhi, 1983.- 2 t.-456 b.
- 7 Alpisbaev K. Poema zhane sujet [Poem and plot]. - Almati: Kazak universiteti, 1992.-124 b.

Автор туралы мәлімет

Г.С.Мусинова – PhD докторанты, «Alikhan Bokeikhan University», Семей, Қазақстан.

G.S.Musinova – PhD doctoral student, «Alikhan Bokeikhan University», Semey, Kazakhstan